

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы Әлеуметтік Жауапкершілік пен Тұрақты Дамуды басқару процесін қайта құрылымдау (ӘЖТД) жөніндегі жобаны жүзеге асыруда

Жобаны Қазақстан Республикасы ұлттық компанияларда Корпоративті Әлеуметтік Жауапкершілік және Тұрақты Дамуды басқару сапасын арттыру бойынша қоғам қажеттілігінің өсуін есепке ала отырып, компаниялар тобының стратегиялық жоспарларын жүзеге асыру шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қолға алып отыр. Мақсат - қазіргі заманғы халықаралық стандарттарға сәйкес басқарудың орталықтандырылған интеграциялық жүйесін енгізу.

ӘЖТД басқару саласында халықаралық стандарттарды пайдалану жетекші халықаралық корпорациялардың күнделікті тәжірибесіне айналуға. Қазақстанда халықаралық стандарттарды халықаралық және жеке елдік ПРО-ларға, ұлттық компанияларға, оның ішінде мұнайгаз секторына енетін компаниялар енгізіп жатыр.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қазақстан Республикасы мұнайгаз компаниялары тәжірибесінде ӘЖТД басқарудың қазіргі заманғы стандарттарын қалыптастырудың жаңа әдістерін енгізу бойынша белсенді позиция ұстанады.

Жоба аясында Қазақстанда бірінші рет мынадай міндеттер жүзеге асырылуда: ұлттық мұнайгаз холдингінің ӘЖТД орталықтандырылған интеграциялық басқару жүйесін құру, ӘЖТД басқарудың халықаралық стандарттарын жүйелі түрде енгізу, қаржылық емес есеп беру, аудит, халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес жауапты қызметкерлердің біліктілігін көтеру процесін ұйымдастыру.

Әлемнің 14 мұнайгаз компаниясының ӘЖТД басқаруын салыстырып талдау кезеңі аяқталды, медиа-ортаны зерттеудің кең көлемді спектрін жасау, негізгі аудиторлар (стейкхолдер) тарапынан ҚМГ ҰК АҚ әлеуметтік саясатын бағалау бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізіледі, ҚМГ ҰК АҚ-ның өндірістік қатысу аймақтары үшін «Әлеуметтік болжау картасын оқшаулау» жөніндегі зерттеу форматы мақұлданды.

Ляззат Киинов, ҚМГ ҰК АҚ Басқарма төрағасы: «Біз тұрақты даму мен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі принциптерін сабақтастыра енгізу күнделікті іскерлік тәжірибені неғұрлым тиімді ете түсетініне, стейкхолдерлердің ашықтығы мен өзара біріккен іс-қимылға ықпал ететініне, акционерлер мен инвесторлар қатынастарының жариялылығын қамтамасыз ететініне сенімдіміз.

Біз қазірдің өзінде компаниялардың тәжірибесінде әлеуметтік жауапкершілік саласындағы белгілі бір халықаралық стандарттар форматын қолданамыз. Біздің компаниялар тобы бойынша халықаралық GRI (Global Reporting Initiative) есеп беру жүйесін енгізуде тәжірибеміз бар. Ол экология, кәсіпорындарда еңбекті қорғау, әлеуметтік жауапкершілік саласында компанияның еңбек және қызмет жағдайлары мәселелері бойынша ұсынысты және ақпаратты талдауды жеңілдетеді. Ал БҰҰ-ның ғаламдық келісімшарт талаптарына компания сонау 2006 жылы қосылған.

Ғаламдық келісімшарт принциптерін жүзеге асыра отырып, біз бүгін компанияның ұлттық мазмұн үлесін ұлғайту, кадрларды оқыту, қоршаған ортаны қорғау, аймақтардың қатысуын дамыту, корпоративті әлеуметтік бағдарлама сияқты көптеген бастамаларын табысты жүзеге асырудамыз. Бірақ уақыт бір орнында тұрмайды. Тұрақты даму және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы халықаралық стандарттар жүйесі белсенді даму үстінде. Халықаралық корпоративтік тәжірибеде белсенді енгізіліп жатқан стандарттардың жаңа нұсқалары, жаңа жобалар пайда болуда. Біздің стратегиямыз динамикалық процестерден қалмау, әлеуметтік корпоративтік жауапкершілікті басқару жүйесін жетілдіру

саласында жаңа жобаларды тәжірибеге енгізу бойынша Қазақстанның мұнайгаз саласында жетекші позиция ұстану.

Біз жобаның ауқымдылығын мойындаймыз. Жобалау, қайта құрылымдау және енгізу бір жылдың мәселесі емес. Компания және біздің ӘЖТД саласындағы барлық мамандарымыз алдағы қызықты міндеттерге әрқашан даяр тұр.

«Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға бірдей еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» Президенттік бағдарламасы аясында біз тағы да былай деп мәлімдейміз: Әлеуметтік жауапкершілік «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының стратегиялық басымдығы. Сондықтан да жобаның негізгі міндеті қазіргі заманғы халықаралық стандарттарға негізделген басқарудың орталықтандырылған интеграциялық жүйесін енгізу болып табылады. Осындай шешімдер барысында қазақстандық мұнайгаз компаниялары ғаламдық ауқымда неғұрлым бәсекеге қабілетті бола түседі».

Жобаға сәйкес ҚМГ ҰК АҚ аймақтардағы қызметінің экономикалық және қоғамдық-саяси мониторингінің жыл сайынғы жүйесін енгізу, мүдделі тараптардың (стейкхолдерлер) өзара түсіністігі жөніндегі корпоративтік коммуникациялар стратегиясын қалыптастыру және реттеу жоспарлануда.

Майра Салықова, Орталық Азия жүйелік зерттеу қорының президенті: «Біздің зерттеулеріміздің сараптамалық пікірлері мен нәтижелері қазақстандық ірі компаниялардағы ӘЖТД басқару тәжірибесі өндірістік тәжірибе және қаржылық басқару сияқты бағыттарға қарағанда сапалық жағынан және жүйелік басқару бойынша кем соғып жатады. Мәселен, материалдық емес активтерді бағалау, қаржылық емес тәуекелді басқару, әлеуметтік жобалау, қаржылық емес есеп беру, қаржылық емес есеп берудің аудиттік тәжірибесі, қаржылық емес есеп беруді қалыптастыру, ӘЖТД басқару стандарттары, репутациялық аудит, компанияның қатысы бар өндірістік орындарда әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың тұрақты мониторингі, ведомствоаралық ықпалдасу және интеграция сияқты процестер мүдделі тараптардың өзара байланысында көп жағдайда уақыт талабына жауап бере алмайды.

Өйткені, халықаралық ӘЖТД стандарттарының өзі көз алдымызда қалыптасып, дамып жатыр. Әлемде мұндай шешімдерді енгізіп, жобалайтын мамандар онсыз да аз. Ең бастысы ӘЖТД-ға жауап беретін, оны кәсіби біліктілік деңгейіне жеткізетін мамандар әкелу үшін уақыт керек.

ҚМГ ҰК АҚ халықаралық стандарттарға сәйкес орталықтандырылған интеграциялық басқару жүйесін енгізу жөніндегі жобасы бұл қазақстандық басқару тәжірибесіндегі алғашқы ауқымды амбициялық жоба.

Егер халықаралық тәжірибелерге қарасақ, қазірше мұндай жолмен тек әлемдік мұнайгаз индустриясының алпауыттары ғана жүріп келеді. Сондықтан да ҚМГ ҰК АҚ-ның Қазақстандағы ӘЖТД саласындағы корпоративті басқару сапасын арттыру мәселесі бойынша ұмтылысы түсінікті».

Жобаға қоғамдық ұйымдардың өкілдері, қазақстандық және шетелдік сарапшылар, ҚМГ ҰК АҚ компаниялар тобының адам ресурстарын басқару, қоғамдық байланысты басқару, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік, әлеуметтік жобаларды басқару саласы бойынша басшылары мен жетекші мамандары қатысады.

Жобаның бастамшылары бұл ғажайып көпқырлы жобаның нәтижелері мен жүзеге асыру тәжірибелері Қазақстан Республикасы ұлттық компанияларында ӘЖТД басқарудың жаңа әдістерін қалыптастыруға ықпал ететініне сенімді.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін көмірсутегілерін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау, жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 100%-і «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі.

Қоғаммен байланыс қызметі	Служба по связям с общественностью	Public Relations Division
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Қазақстан, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976276 www.kmg.kz	